

**Е. Төлеген, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Р. Ж. Сусан, арнайы пәндер оқытушысы**  
**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)**

## **ЗАҢГЕРДІҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ**

Тіл мәдениеті әдеби тілдің даму деңгейімен байланысты. Қазіргі әдеби тіл толыққан, тілдік нормалары қалыптасқан тіл десек, тіл мәдениетінің негізгі мақсаты мен міндеті де осы жүйені, қалыпты сақтау, одан жөнсіз ауытқуға жол бермеу екендігі белгілі.

Тіл мәдениеті тілдік нормамен тығыз байланысты, өйткені тілдік норма — сөзді дұрыс айту, сөзді емле ережесіне сай жазу, сөзді өз мағынасына сай қолдану, сөйлемді дұрыс құрау болса, тіл мәдениеті ғылымы осы процестердің орындалуын, бұзылмауын қадағалайды. Адамның жақсы қасиеттерінің бірі сөйлеу мәдениетіне байланысты екендігі даусыз. Тәжірибеде кейде «әңгіме не айтылғанында емес, қалай айтылғанында» дейтін де кез кездеседі. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де «кұлақтан кіріп бойды алады». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен», «сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық,

аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп отыр» деп сынайды. Демек, сөзді қалай болса, солай айта салмауға тиіспіз.

Сөйлеу мәдениетінің келесі аспектісі — шаршы топ алдында сөйленер сөздің тіліне, шешен сөзіне қойылар белгілі бір талаптарды орындауы.

Тіл мәдениеті тіл білімінің бір саласы ретінде соңғы жылдары зерттеліне бастады. Айқын ойлап, дәл айту үшін сол айтылуға тиісті зат пен оның санамыздағы көрінісі — сөздің арасындағы байланысты, қатынасты жақсы білуіміз керек. Ой айқындылығы, мағына дәлдігі логикалық дәлдікпен ұштасады. Сөздер мағынасына қарай бір-бірімен көп мағыналы, омонимдес, мәнделес те болып келеді. Заңгердің кәсіби қызметіне, ең алдымен, құқықтық іс жүргізу жатады. Құқықтық істерге қылмыстар, азаматтық даулар, еңбек құқығының бұзылуына байланысты туындаған дау-жанжалдар, құқықтық нормаларға сәйкес қарастырылатын және шешілетін басқа да жағдайлар жатады.

Құқықтық іс жүргізу құқықтық мәні бар әрекеттер (куәгерлерді шақыру, айыптау, сот шешімін шығару, іс бойынша шағымдану және т. б.) жасауды талап етеді. Бұл жұмыс көбінесе «өндіріс» деп белгіленеді.

Заңгердің кәсіби әрекетіне заңды күші бар әрекеттер бекітілетін және көрініс табатын құқықтық құжаттар жасау, сондай-ақ құзыретті органдарда ауызша сөйлеу, мәселен, істі қарау барысында заңды талаптар, өтініштер, қатынас-қағаздар тұжырымдалатын және негізделетін сотта сөйлеу, төрелік ету жатады.

Кеңес беру де маңызды орынға ие, яғни кеңес беру, түсіндіру, ұсыныс беру және т. б. Сот, прокурор, адвокат әрекетінде кеңес беру көбінесе маңызды орынға ие. Демек, заңгер өзінің кәсіби қызметін атқаруда «сөйлейді», «жазады» және «кеңес береді».

Заңгердің кәсіби әрекеті тікелей адамдармен байланысты, тұлғааралық қатысым үдерісінде жүзеге асады, сондықтан «адам — адам» жүйесіне жатады. Мысалы, тергеуші қылмыстық істі дұрыс ашу үшін маңызы бар жағдайларды анықтау барысында адамдардан өзіне қажетті сенімді ақпаратты ала білуі тиіс.

Заңдардың орындалуын бақылауды жүзеге асырушы өкілеттілігіне ие прокурор үнемі басшылармен және министрлік, ведомстволар өкілдерімен, жергілікті басқару органдарымен, әкімшілік органдармен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекет етеді, арызданушы, шағымданушы азаматтарды қабылдайды. Прокурор сот отырысына қатысады. Ол сот талқылауы кезінде туындайтын сұрақтар бойынша қорытынды жасайды; сотқа қылмыстық жазалау шараларын қолдану туралы өз пікірін білдіреді; талап арыз түсіреді; қылмыстық істер бойынша сотта мемлекеттік айыптауды қолдайды; соттың заңға қайшы шешіміне, үкіміне, қаулысына, сот орындаушыларының заңсыз әрекеттеріне шағымданады. Прокуратура қызметкерлері құқықтық сауаттылыққа үндейді, азаматтар мен еңбек ұжымдарының жиналыстарында баяндама жасайды.

Құқықтық тәжірибедегі тілдік қатысым — бұл үлкен диалог, оның барысында ой бөліседі, ақпарат беріледі және сөздің көмегімен бірлескен әрекет үйлестіріледі. Заңгер мамандығы тек кәсіби шеберлікті ғана емес, білімінің, дүниетанымының кең құлашты болуын да талап етеді. А. Ф. Конидің пікірінше, «юрист должен быть человеком, у которого общее образование идет впереди специального».

Заңгердің бүкіл қызметі заң шығару, тергеу жүргізу, үкім шығару, айыпталушының құқығын қорғау, құқықтық ережелерді жүзеге асыру, түсіндіру бәрі де адамдар арасында қарым-қатынасты дамыту үдерісінде жүзеге асады. Ол бірлескен әрекет қажеттіліктерінен туындайды, сондай-ақ ақпарат алмасуды, бір адамның басқаны қабылдауы мен түсінуін, кәсіби заңгерлік әрекетте өзара әрекет етудің бірыңғай стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруды қамтиды.

Заңгер қатысымы процессуалдық ережелердің талаптарына сай болуы тиіс. Мәтіннің процессуалды заңға сәйкестігі құжатты дұрыс атау, тұжырымдар мен заңгерлік терминдерді заңда жазылған мағынасына сәйкес қолданудан байқалады. Мағыналас сөздерді айырым мағынада аражігін айқын аңғарып қолдану арқылы сөздік қорымызды молайта түсуге болады.